



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

*Конституция 2026 жылғы 15 наурызда
республикалық референдумда қабылданды*

Әдістемелік ұсыным



ҚР ҒЖБМ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
МЕМЛЕКЕТ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

*Конституция 2026 жылғы 15 наурызда
республикалық референдумда қабылданды*

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

Астана, 2026

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
I БӨЛІМ. Мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттары.....	4
1.1 Мемлекеттің жаңа конституциялық моделі.....	4
1.2 Әділетті Қазақстанды құрудың іргелі негізі ретіндегі тарихи жады мен ұлттық бірегейлік.....	7
1.3 «Қазақстанның ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы» атты жеті томдық академиялық басылым.....	8
II БӨЛІМ. Жаңа Конституцияны іске асыру жағдайындағы Қазақстан Республикасының ішкі саясатының дамуы.....	10
1 ҚР Құрылтайының сайлауы – жаңа Конституцияны іске асырудың маңызды кезеңі.....	12
2.2 Құрылтай қалыптасуынан кейінгі ішкі саясатты дамытудың негізгі бағыттары.....	13
III БӨЛІМ. Конституция – Қазақстанның сыртқы саясатының даму негізі.....	14
3.1 Қазақстанның орта держава ретінде орнығуы	14
3.2 Қазақстан – халықаралық диалогтың мойындалған алаңы.....	15
IV БӨЛІМ. Конституция және адами капиталды дамыту.....	16
4.1 Адами капитал.....	16
4.2 Қоғамның әлеуметтік және рухани-мәдени құндылықтары.....	17
ҚОРЫТЫНДЫ.....	18
Ұсынылатын дереккөздер мен әдебиеттер.....	19

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз бес жылы – қазіргі заманғы егемен мемлекеттің қалыптасуы мен даму кезеңі. Осы уақыт ішінде мемлекеттік билік институттары қалыптастырылып, ұлттық мүдделер айқындалды, елдің халықаралық ұстанымдары нығайтылды, аумақтық тұтастық пен қоғамдық келісім қамтамасыз етілді.

Қазақстанның бүгінгі дамуы саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен, төл тарихты, ұлттық бірегейлікті және конституциялық құндылықтарды терең қайта пайымдаумен сипатталады.

Қоғамда білім беру, ғылым, мәдениет, инновациялық әлеует және цифрлық технологиялар салаларын дамытуға айрықша мән берілуде. Соңғы жылдары мемлекеттік саясаттың өзара сабақтас үш стратегиялық бағыты жүйелі түрде қалыптасып, қарқынды дамып келеді:

- мемлекеттің жаңа конституциялық моделін жетілдіру;
- Әділетті Қазақстанды қалыптастырудың іргелі негізі ретінде тарихи жады мен ұлттық бірегейлікті нығайту;
- «Қазақстанның ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы» атты жаңа академиялық жеті томдық басылымды әзірлеу.

Конституциялық қағидаттарды іске асыру мемлекеттік органдардың қызметі арқылы ғана емес, сонымен қатар елдің әрбір тұрғыны өз үлесінің маңызын сезінетін, қазақстандық қоғамға тиесілігін ұғынатын жаңа қоғамдық мәдениетті және жасампаз патриотизмді қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

I БӨЛІМ. МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

1.1 Мемлекеттің жаңа конституциялық моделі

2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. Негізгі Заңда: «Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп айқындалған¹.

2026 жылғы 1 шілдеде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның жаңа Конституциясының күшіне енуіне байланысты жасаған Үндеуінде: «Бүгін егемен Қазақстан тарихында жаңа дәуір басталады. Біз дәйекті прогресс, саяси және экономикалық реформалар, ауқымды жаңғырту жолына түсіп отырмыз. Бұл күн саяси жүйені түбегейлі қайта жаңғырту, мемлекеттік институттар мен азаматтық қоғамның негізгі тетіктерін трансформациялауды білдіреді. 15 наурызда өткен жалпыхалықтық референдумда Қазақстан халқы мемлекеттің алдағы онжылдықтардағы даму көкжиегін айқындаған тағдырлы таңдау жасады. Бұл тарихи шешім ел жылнамасында отандастарымыздың миллиондаған өкілінің шынайы патриотизмінің және жоғары азаматтық жауапкершілігінің жарқын үлгісі ретінде мәңгі қалады», – деп атап өтті².

Орталық идея – тең мүмкіндіктерге негізделген ашық, қуатты және өркендеген ел, прогрессивті әрі жауапты қоғам құруға бағытталған Әділетті Қазақстанды қалыптастыру. Саяси-экономикалық реформаларды, ауқымды демократиялық өзгерістерді және инновациялық технологияларды жүзеге асыру өзекті болып табылады. Заң үстемдігіне, әлеуметтік жауапкершілікке, мемлекет пен азаматтар арасындағы сенімді нығайтуға негізделген қоғамдық қатынастар жүйесін қалыптастыру маңызды орын алады.

Әділетті Қазақстан тұжырымдамасы елдің өркениеттік даму жолын айқындап, жаңа тарихи кезеңнің іргелі негіздерін көрсетеді. Айта кету қажет, «Әділетті Қазақстан – бұл заң үстемдігі сөзсіз қамтамасыз етілетін, мықты демократиялық институттары бар, адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қол сұғылмайтын унитарлық мемлекет»³.

Ішкі саясаттың «Заң және Тәртіп»; «Еститін мемлекет»; «Әртүрлі пікір – біртұтас ұлт»; «Күшті Президент – Ықпалды Құрылтай – Есеп беретін Үкімет»;

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 2026 жылы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданды [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000> (қаралым: 20.07.2026).

² Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанның Жаңа Конституциясының күшіне енуіне орай үндеуі. 2026 жылғы 01 шілде [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstannyn-zhana-konstituciyasynyn-kushine-enuine-oray-undeui-3053942> (қаралым: 14.07.2026).

³ «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтарын мен бағыттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 5 қарашадағы № 1081 Жарлығы. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2500001081> (қаралым: 14.07.2026).

«Адал азамат»; «Таза Қазақстан» сияқты қағидаттарының маңызы ерекше. Мемлекет құрудың аталған қағидаттары ұлттың одан әрі топтасуына ықпал етеді, жаңа этика мен мәдениетті қалыптастыруға бағытталады, кең ауқымды қоғамдық диалогтың маңыздылығын көрсетеді⁴.

Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қоғамдық кеңістікке жауапкершілікпен қарауға, табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалануға және жалпыұлттық құндылықтарға құрметпен қарауға ықпал етеді. «Адал азамат» бастамасы Конституцияның негізгі қағидаттарының бірі болып табылатын мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға бағытталған.

Біртұтас стратегиялық саясат аясында құқықтық мемлекетті дамыту және жауапты адал азаматты қалыптастыру, елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау маңызды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын⁵ іске асыру аясында білім деңгейін арттыруға, оқу мәдениетін дамытуға және қоғамның зияткерлік әлеуетін нығайтуға бағытталған «Кітап оқитын ұлт» бастамасы маңызды рөл атқарады⁶.

Конституция мемлекеттіліктің іргелі қағидаттарын бекітеді: Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен егемендігі, мемлекеттің аумақтық тұтастығы, Қазақстан халқының бірлігі, заң үстемдігі, адам құқықтары мен бостандықтарының басымдығы.

Қазақстан Халық Кеңесі – Қазақстан Республикасы халқының мүдделерін білдіретін жоғары консультативтік орган әрі жалпыұлттық диалог алаңы болып табылады. Толеранттылық, ашықтық, сенім және диалог қағидаттары негізінде азаматтық қоғамды дамыту маңызды. Әлеуметтік қауымдастықтың ерекше нысаны болып табылатын қоғамдық ұйымдардың қызметі көпэтносты қоғамның бірлігі мен топтасуын нығайтуға бағытталған.

Әлеуметтік интеграция мен ынтымақтастық – мемлекеттің тұрақтылығы мен орнықтылығын қамтамасыз ететін маңызды факторлар. Халықты әлеуметтік қорғауға және әл-ауқатын арттыруға бағытталған ортақ мүдделер мен мақсаттар қоғамдық бірлікті нығайтуға, елдің прогрессивті дамуы мен өркендеуіне деген сенімді қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл үдерісте азаматтық белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, қоғамдағы келісім мен өзара түсіністік маңызды рөл атқарады.

⁴ «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтарын мен бағыттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 5 қарашадағы № 1081 Жарлығы. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2500001081> (қаралым: 14.07.2026).

⁵ Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы. 2026 жылғы 16 мамыр [Электрондық ресурс]. – URL: <https://akorda.kz/kz/kitap-okuy-madenietin-damytu-zhane-zerdeli-ult-kalyptastyru-zhonindegi-sharalar-turaly-164444>

⁶ Свыше миллиона казахстанцев объединит книжный марафон «Кітап оқитын ұлт». 21.07.2026 [Электронный ресурс]. – URL: <https://ru.elordainfo.kz/index.php/tema-dnya-ru/svyshe-milliona-kazahstancsev-obedinit-knizhnyy-marafon-kitap-o-ityn-lt> (дата обращения: 22.07.2026).

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы меншік құқығын қорғаудың, кәсіпкерлік қызмет еркіндігінің, инвесторлардың құқықтарын сот арқылы қорғаудың, экономикалық қызмет субъектілерінің теңдігінің және құқықтық реттеудің тұрақтылығымен болжамдылығының берік конституциялық кепілдіктерін бекітеді. Мемлекеттің инвестициялық тартымдылығын арттыру стратегиялық маңызға ие. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы заманауи инвестициялық жүйені қалыптастырудың, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін күшейтудің және тікелей шетелдік инвестицияларды тартудың негізгі стратегиялық бағыттарын айқындайды⁷.

2026 жылы 1 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылғы 23 тамызда Құрылтайға сайлау тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды⁸. Сайлау қоғамның тұрақты дамуы мен топтасуының маңызды көрсеткіші болып табылады.

⁷ Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 1185 қаулысы [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2500001185> (қаралым: 22.07.2026).

⁸ «Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 30 маусымдағы № 1338 Жарлығы [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2600001338> (қаралым: 14.07.2026).

1.2 Әділетті Қазақстанды құрудың іргелі негізі ретіндегі тарихи жады мен ұлттық бірегейлік

Тарихи жад азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды факторларының бірі болып табылады. Ол ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етеді, Тәуелсіздіктің құндылығын түсінуге ықпал етеді, мемлекеттік рәміздерге, Конституцияға және елдің тарихи мұрасына деген құрметті нығайтады.

Тарихи жад этникалық тиесілігіне қарамастан азаматтарды ортақ құндылықтар, ортақ тарих және ортақ болашақ төңірегінде біріктіретін ұлттық кодтың маңызды элементіне айналады. Қазақстанның болашағы тарихи жады сақтаусыз және қоғамның жоғары конституциялық-құқықтық мәдениетін қалыптастырусыз мүмкін емес.

Еліміздің жаңа Конституциясы Әділетті Қазақстан идеясын ұстанып, келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезіне отырып қабылданды. Сондықтан ол әділеттілік, қоғамдық келісім және мемлекетке қызмет ету идеяларына негізделген көпғасырлық тарихи дәстүрдің құқықтық жалғасы болып табылады. Конституциялық-құқықтық мәдениет Негізгі Заңды құрметтеуді; заңдарды сақтауды; адам құқықтарын қорғауды; азаматтардың қоғамдық өмірге қатысуын; сыбайлас жемқорлықты қабылдамауды; мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды; ел тағдырына жауапкершілікті көздейді.

Ұлттық және азаматтық бірегейлік тарихи мұра мен заманауи құндылықтарды біріктіріп, тәуелсіз Қазақстан азаматының бейнесін қалыптастырады. Жаһандану жағдайында қазақстандық бірегейлікті сақтау қазіргі мемлекеттің маңызды міндеттерінің біріне айналып отыр. Қазақстандық бірегейлік адамның ортақ тарихи құндылықтарға, мәдениетке, тілге, тарихи жадқа және елдің болашағына деген жауапкершілікке негізделген біртұтас саяси қауымдастыққа тиесілігін сезінуін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық этнос өкілдерін ортақ мемлекеттік құндылықтар төңірегінде біріктіретін азаматтық бірегейлік моделін дамытуға құқықтық жағдай жасайды. Дәл осындай бірегейлік түсінігі этномәдени әртүрлілікті сақтауды біртұтас ұлтты нығайтумен үйлестіруге мүмкіндік береді. Қазіргі мемлекеттік саясаттың негізгі ұғымдарының бірі – ұлттық код.

Ұлттық код – ұлттың рухани, мәдени, тарихи және адамгершілік құндылықтарының жиынтығы. Ол ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етіп, халықтың ұлттық болмысы мен төл ерекшелігін сақтаудың басты тетігі болып табылады.

Ұлттық кодтың негізгі құрамдас бөліктеріне тарихи жады, мемлекеттілік дәстүрі, отаншылдық, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, мемлекеттік тіл, мәдениет, отбасы құндылықтары, үлкенге құрмет, еңбекқорлық және қоғам алдындағы жауапкершілік, жасампаздық жатады.

Тарихи жадының, ұлттық кодтың және конституциялық құндылықтардың бірлігі Қазақстан Республикасының орнықты дамуының, азаматтық бірегейлікті нығайтудың және Әділетті Қазақстанды құрудың берік іргетасына айналуда.

1.3 «Қазақстан тарихы ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін» атты жеті томдық академиялық басылым

Тәуелсіз Қазақстан – Ұлы дала аумағындағы мемлекеттіліктің ғасырлар бойы дамуының заңды нәтижесі. Сақ бірлестіктері мен Ғұн мемлекеті (алғашқы көшпелі далалық империя), Түркі қағанатының, Жошы ұлысының (Алтын Орда), Қазақ хандығының тарихы, ұлт-азаттық қозғалыстар, мемлекеттілікті сақтап қалу жолындағы күрес және 1991 жылы Тәуелсіздіктің жариялануы мен Егеменді Қазақстанның қалпына келтірілуі ұлттық мемлекеттіліктің дамуының біртұтас тарихи желісін құрайды..

Отандық тарихты зерттеуде жаңа тәсілдер өзекті болып отыр. Тарихи сабақтастық қағидаты ерекше маңызға ие. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 5 қаңтарда жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Отан тарихын жаңа ғылыми ұстанымдарды ескере отырып жазатын кез келді. Бұл іргелі еңбек барлық оқулықтардың негізіне айналуы тиіс. Бұл – стратегиялық маңызы бар мәселе. Сондықтан Қазақстан тарихы бойынша жаңа академиялық басылымды дайындау жұмысына шұғыл кірісу қажет», – деп атап көрсетілген⁹.

«Қазақстанның ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы» атты жаңа академиялық басылымды әзірлеуге қатысты редакциялық алқасының 2026 жылғы 15 шілдеде өткен қорытынды отырысында оның жетінші томы да баспаға ұсынылды¹⁰. Аталған академиялық зерттеудің мақсаты – қазіргі заманғы ғылыми зерттеулерге, жаңадан анықталған архивтік материалдарға, отандық және әлемдік тарих ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, ұлттық мемлекеттіліктің даму жолын тұтас әрі жүйелі түрде көрсету. Бұл ұстаным жаңа Конституцияда бекітілген мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздік, аумақтық тұтастық, сондай-ақ Қазақстанның бүгінгі буынының келер ұрпақ алдындағы жауапкершілігі қағидаттарымен үндеседі.

Тарих ғылымы қоғамдық оптимизм мен жасампаз дүниетанымды қалыптастыратын маңызды факторлардың біріне айналуға тиіс. Бұл өткеннің тағылымын сақтай отырып, мемлекетіміздің болашаққа нық қадам басуына мүмкіндік береді. Академиялық басылымның басты ерекшеліктерінің бірі – оны әзірлеуге тарихшылардың бірнеше буынының қатысуы.

Қазақстан тарихында елдің өркендеуіне жол ашқан, мемлекеттілік пен ұлттық бірегейліктің берік негізін қалаған жарқын әрі жасампаз дәуірлер аз болған жоқ. Жаңа академиялық басылым сол тарихи дамуды ежелгі өркениеттерден бастап бүгінгі тәуелсіз Қазақстанға дейін тұтас әрі объективті түрде баяндайды. Бұл еңбек жас ұрпаққа еліміздің тарихи дамуының сабақтастығын терең түсінуге мүмкіндік беріп, объективті тарихи сананы қалыптастыруға және ұлттық өзіндік сананы нығайтуға қызмет етеді.

Қазақстан тарихы бойынша жаңа академиялық басылым осықұндылықтардың мыңжылдықтар бойындағы қалыптасуы мен дамуын ашып, олардың қазіргі

⁹ Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы. 5 қаңтар 2021 жыл [Электрондық ресурс]. – URL: <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>

¹⁰ Қазақстанның жаңа академиялық жеті томдық тарихы баспаға ұсынылды 15 шілде 2026 [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/press/news/details/1258515?lang=kk> (қаралым 22.07.2026)

қоғамға ықпалын айқын көрсетеді. Өз кезегінде, Конституция мәдени мұраны сақтауға, мемлекеттік тілді дамытуға, ұлттық мәдениетті қолдауға және қоғамдық келісімді нығайтуға құқықтық кепілдіктер береді.

Қазақстанның жаңа академиялық тарихы азаматтардың тарихи дүниетанымын қалыптастырады, ал Конституция мемлекеттің дамуының құқықтық негіздерін айқындайды. Оларды өзара сабақтастықта зерделеу тарихи мұраны сақтай білетін әрі ХХІ ғасырдың сын-қатерлеріне лайықты жауап бере алатын, бәсекеге қабілетті әрі отаншыл жаңа ұрпақты тәрбиелеуге ықпал етеді.

Қазақстан Тәуелсіздіктің 35 жылдығына жаңартылған тарихи даму тұжырымдамасымен қадам басып отыр. «Қазақстан тарихы ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін» атты жаңа жеті томдық академиялық басылым елдің тарихи жолын ғылыми тұрғыдан түсінуді қалыптастырады. Жаңа Конституция оның одан әрі дамуының құқықтық негіздерін айқындайды, ал тарихи жад қоғамды топтастырудың іргелі факторына айналады.

II БӨЛІМ. ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТЫН ДАМУ

2026 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының күшіне енуі елдің саяси дамуының жаңа кезеңінің басталуына негіз болды. Конституциялық дамудың негізінен эволюциялық сипатта болған алдыңғы кезеңдерінен ерекшелігі – жаңа Конституция институционалдық жүйе мен мемлекеттік басқаруды кешенді жаңартуды көздейді.

Осы жағдайларда мемлекеттің ішкі саясаты конституциялық өзгерістердің тұрақтылығын қамтамасыз ету, қоғамдық келісімді сақтау және мемлекеттік басқарудың тиімді моделін қалыптастыру құралы ретінде ерекше маңызға ие болады.

Ішкі саясаттың қазіргі даму кезеңіндегі маңызды саяси оқиғалардың бірі – 2026 жылғы 23 тамызға белгіленген Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауы. Дәл осы сайлау жаңа Конституцияның ережелеріне сәйкес жүзеге асырылатын алғашқы ауқымды саяси үдеріс болып, мемлекеттің институционалдық дамуының одан әрі бағытын айқындайды¹¹.

Жаңа Конституция күшіне енгеннен кейін мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты мемлекеттік билік органдары қызметінің жаңа моделіне кезең-кезеңімен көшуді қамтамасыз ету болып табылады. Басым міндет тек жаңа институттарды қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар олардың тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, заңнаманы бейімдеу, сондай-ақ жаңартылған саяси жүйенің тұрақты жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Қазіргі ішкі саясат өзара байланысты бірнеше міндеттерді шешуге бағытталған.

Біріншіден, мемлекеттік билік жүйесінің институционалдық трансформациясы жүзеге асырылуда. Конституция мемлекеттің жоғары өкілді органының құрылымын өзгертуді көздейді – Құрылтай бұрынғы парламенттік модельдің орнына келеді. Бұл сайлау заңнамасын кешенді реформалауды, заң шығару үдерісінің жаңа рәсімдерін қалыптастыруды және мемлекеттік институттар арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлуді талап етеді.

Екіншіден, саяси өкілдік тетіктерінің маңызы артады. Жаңа жағдайларда сайлау үдерісінің бәсекелестік сипатын қамтамасыз ету, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің және азаматтық қоғамның мемлекеттік билік органдарын қалыптастыруға қатысуы ерекше рөл атқарады. Саяси жүйенің ашықтығын арттыру мемлекеттік институттарға деген халық сенімін нығайтудың негізгі шарттарының бірі ретінде қарастырылады.

¹¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 2026 жылы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданды [Электронды ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000> (қаралым: 20.07.2026).

Үшіншіден, Конституцияны іске асыру жаңаша конституциялық тетіктерді түсіндіру, мемлекеттік қызметшілерді жаңа жағдайларда жұмыс істеуге дайындау және орталық пен өңірлік билік органдары арасындағы өзара іс-қимылды тиімді жетілдіру қажеттілігімен қатар жүреді.

Ішкі саясаттың қазіргі кезеңі мемлекеттік басқарудың жаңа конституциялық моделін іс жүзінде іске қосу кезеңі болып табылады.

2.1 ҚР Құрылтайының сайлауы – жаңа Конституцияны іске асырудың маңызды кезеңі

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясына сәйкес, бұрынғы Парламенттің өкілеттігі тоқтатылғаннан кейін Қазақстан Республикасының Президенті 2026 жылғы 23 тамызға Құрылтай депутаттарының алғашқы сайлауын тағайындады¹². Бұл шешім өкілді биліктің жаңа жүйесін іс жүзінде жүзеге асырудың басталуына негіз болды.

Алдағы сайлаудың саяси маңызы қарапайым сайлау үдерісі аясынан әлдеқайда кең. Іс жүзінде бұл мемлекеттік басқарудың жаңа моделінің жұмыс істеуінің басталуын білдіреді.

Құрылтай азаматтардың мүдделерін білдірудің конституциялық функциясы жүзеге асырылатын заң шығарушы биліктің негізгі институтына айналады.

Сонымен қатар, сайлау мемлекеттік институттардың жаңа конституциялық жүйе жағдайында жұмыс істеуге дайындығының маңызды көрсеткіші болып табылады. Дәл осы сайлауды дайындау және өткізу барысында жаңа заңнамалық тетіктер, ұйымдастырушылық рәсімдер және мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл нысандары сынақтан өтеді.

Осыған байланысты Құрылтай сайлауын Қазақстан Республикасының ішкі саясатының одан әрі даму бағытын айқындайтын ауқымды институционалдық жоба әрі саяси оқиға ретінде қарастыру қажет. Сонымен қатар, ҚР Құрылтайының алғашқы сайлауы жүргізіліп жатқан конституциялық реформаның тиімділігінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Оның нәтижелері мемлекеттік институттардың жаңа конституциялық жағдайларда жұмыс істеуге дайындығының деңгейін, жаңартылған сайлау заңнамасының тиімділігін, сондай-ақ қоғамның қалыптасып жатқан өкілді билік жүйесіне деген сенім дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда сайлау тек электоралдық үдеріс қана емес, сонымен бірге Қазақстан Республикасындағы ішкі саяси үдерістердің одан әрі дамуы үшін стратегиялық мәні бар маңызды кезеңге айналады.

¹² «Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 30 маусымдағы № 1338 Жарлығы [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2600001338> (қаралым: 14.07.2026).

2.2 Құрылтай қалыптасқаннан кейінгі ішкі саясатты дамытудың негізгі бағыттары

Сайлау аяқталғаннан кейін жаңа Конституцияны іске асырудың екінші кезеңіне көшу күтіледі. Бұл кезең жаңадан қалыптасқан Құрылтайдың практикалық қызметімен және мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі бейімдеумен байланысты болады.

Ішкі саясаттың басым бағыттары заңнаманы жетілдіру, парламенттік бақылау тетіктерін дамыту, орталық және жергілікті билік органдары арасындағы өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру, сондай-ақ азаматтардың мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерістеріне қатысуын кеңейту болып табылады.

Сонымен қатар, мемлекеттік басқаруды цифрландырудың маңызы арта түседі. Халық пен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылында цифрлық платформаларды пайдалану билік органдары қызметінің ашықтығын арттыруға және қоғамдық сұраныстарға жеделірек жауап беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Аймақтық саясатты дамытуға ерекше назар аударылатын болады. Мемлекеттік басқарудың жаңа жүйесі орталық пен өңірлер арасындағы өзара іс-қимылды тиімді ұйымдастыруды, жергілікті қауымдастықтардың мүдделерін ескеру тетіктерін жетілдіруді және мемлекеттік органдардың халық алдындағы жауапкершілігін арттыруды көздейді.

Перспективада Құрылтай, атқарушы билік органдары және азаматтық қоғам институттары арасындағы тұрақты өзара іс-қимыл жүйесін қалыптастыру ерекше маңызға ие болады. Бұл мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз етуге, қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға және мемлекеттік органдар қызметіне қоғамдық бақылаудың қосымша тетіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, мемлекеттік басқарудың ашықтығын қамтамасыз етуде, халықпен кері байланыс орнатуды дамытуда және басқарушылық шешімдер қабылдау үдерістерін жетілдіруде цифрлық технологиялардың рөлі арта түседі.

Қазақстанның алдағы даму жоспарына мемлекеттік биліктің жаңа құрылымын қалыптастыру, толыққанды цифрлық мемлекет құру және адам капиталын дамытумен қатар ел экономикасын жаңа үлгіге көшіру, көлік-логистика мәселелері сияқты міндеттер де бар.

III БӨЛІМ. КОНСТИТУЦИЯ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫН ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекеттің негізгі заңы болып табылады. Ол мемлекеттік құрылымның іргелі қағидаттарын, билік органдарының жүйесін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ ел дамуының стратегиялық бағыттарын бекітеді.

Елдің халықаралық беделі тек экономикалық әлеуетімен немесе географиялық орналасуымен ғана емес, сонымен қатар, мемлекеттік басқару сапасымен, адами капиталдың даму деңгейімен, саяси жүйенің тұрақтылығымен және қоғамның сенімімен айқындалады. Сондықтан конституциялық ішкі қағидаттарды іске асыру Қазақстан Республикасының халықаралық аренадағы ұстанымдарын нығайтуға тікелей ықпал етеді.

БҰҰ деректеріне сәйкес, Қазақстан электрондық үкіметті дамыту индексі бойынша әлемнің 25 жетекші мемлекетінің қатарына кіреді. Сондай-ақ, соңғы жылдары ел экологиялық тиімділік индексындағы көрсеткіштерін едәуір жақсартып, 92-орыннан 72-орынға көтерілді.

Бұл жетістіктер мемлекеттік басқару тиімділігінің артуын, цифрлық қызметтердің дамуын және Қазақстан Республикасының халықаралық бәсекеге қабілеттілігінің нығаюын көрсетеді¹³.

3.1 Қазақстанның орта держава ретінде орнығуы (Middle Power)

2024 жылы жарияланған German Institute for International and Security Affairs (SWP) аналитикалық материалдарында Қазақстан өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз етуде және халықаралық ынтымақтастықты дамытуда маңызды рөл атқара алатын қалыптасып келе жатқан орта держава (Middle Power) ретінде қарастырылады.

Қазақстан үшін мұндай мәртебенің бірнеше практикалық артықшылығы бар. Біріншіден, ол елдің халықаралық субъектілігін нығайтып, өңірлік және жаһандық мәселелер бойынша делдал ретінде әрекет етуіне, өз бастамаларын ілгерілетуіне және халықаралық күн тәртібін қалыптастыру үдерісіне қатысуына мүмкіндік береді.

Екіншіден, Қазақстанның орта держава ретінде танылуы инвестициялық тартымдылықтың артуына ықпал етеді, өйткені саяси тұрақтылық пен мемлекеттік саясаттың болжамдылығы шетелдік инвесторлар үшін маңызды факторлар болып табылады.

Үшіншіден, бұл мәртебе экономикалық дипломатияны дамытуға, жаңа технологияларды тартуға, халықаралық білім беру және ғылыми жобаларды жүзеге асыруға қосымша мүмкіндіктер ашады.

¹³ United Nations. United Nations E-Government Survey 2024: Accelerating Digital Transformation for Sustainable Development. New York: United Nations, 2024. Yale Center for Environmental Law & Policy. 2024 Environmental Performance Index (EPI). Yale University, 2024.

3.2 Қазақстан – халықаралық диалогтың мойындалған алаңы

Конституцияда бекітілген бейбітшілік, құқық үстемдігі және мемлекеттердің өзара құрмет қағидаттарының тиімділігінің нақты көрінісі – Қазақстанның халықаралық диалогтың мойындалған алаңы ретіндегі рөлі болып табылады.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының сегіз съезі (2003–2025), 2010 жылғы ЕҚЫҰ саммиті, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) жеті саммиті, сондай-ақ Сирия мәселесі бойынша Астана процесінің 22 раунды (2017–2024) өткізілді.

70-тен астам мемлекеттің өкілдері қатысатын Astana International Forum халықаралық форумының тұрақты ұйымдастырылуы халықаралық қоғамдастықтың Қазақстанға деген жоғары сенім деңгейін көрсетеді.

Конституциялық реформалар негізінде қалыптасқан тұрақты ішкі саяси жағдай Қазақстанға бейтарап келіссөз алаңы ретінде әрекет етуге, сондай-ақ өңірлік және жаһандық мәселелерді шешуде жауапты қатысушы ретіндегі рөлін нығайтуға мүмкіндік береді.

IV БӨЛІМ. КОНСТИТУЦИЯ ЖӘНЕ АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ

Негізгі Заңда: «Қазақстан Республикасы адами капиталды, білім беруді, ғылымды және инновацияларды дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты ретінде таниды» деп белгіленген:

Цифрлық дәуір жағдайында адами капитал:

- әлеуметтік прогресс пен қоғамды демократияландырудың жаңа бағыттарын ашады;

- өңірлердегі әлеуметтік әл-ауқат деңгейін және халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырады;

- адамның шығармашылық әлеуетін іске асыруға, әрбір азаматтың өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы жағдайлардың жақсаруына ықпал етеді.

Жасанды интеллектіні қолдану – адами капиталды, экономикалық инфрақұрылымды дамытудағы, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі және қоршаған ортаны сақтаудағы маңызды қадам. Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу халықтың тарихи-мәдени мұрасын дамытуға ықпал етеді. ХХІ ғасырдың шындығында ауқымды цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын белсенді енгізу – елдің ілгері дамуының негізі.

4.1 Адами капитал

Қоғамның дамуында бірлік, жасампаздық және прогресс сияқты әлеуметтік-мәдени құндылықтар маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасының Конституциясы адами капиталды ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамудың және халықаралық бәсекеге қабілеттіліктің негізі ретінде дамытудың мемлекеттің стратегиялық бағыты екенін айқындайды. Білім беру, ғылым, инновациялар және академиялық еркіндіктің дамуына құқықтық жағдай жасайтын ғылыми, техникалық және көркем шығармашылық еркіндігінің конституциялық кепілдіктері ерекше маңызға ие.

БҰҰ Даму бағдарламасының (ПРООН) Адами даму индексіне (2025) сәйкес Қазақстан адами дамудың өте жоғары деңгейі бар елдер тобына кіреді және 193 мемлекеттің ішінде 60-орында тұр. Сонымен қатар, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің халықаралық тартымдылығы артып келеді: QS World University Rankings 2026 рейтингіне сәйкес Қазақстанның 10 жоғары оқу орны әлемнің үздік 500 университетінің қатарына енді, ал мемлекеттік саясат аясында 2029 жылға дейін Қазақстанда жетекші шетелдік университеттердің 23 филиалын ашу жоспарланып отыр¹⁴.

Академиялық ынтымақтастықты дамыту, шетелдік студенттерді тарту және халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіне ықпалдасу Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы мен халықаралық беделінің артуына ықпал етеді. Мәселен, Maqsut Narikbayev University университетінде 30-ға жуық

¹⁴ QS 2026 рейтингі: Қазақстанның үш университеті алғаш рет тізімге енді. 19 маусым 2025 [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/press/news/details/1020144?lang=kk>

елден келген 222 шетелдік студент білім алады, университет 100-ден астам шетелдік серіктеспен ынтымақтастық орнатқан және ағылшын тілінде 34 білім беру бағдарламасын жүзеге асырады¹⁵.

4.2 Қоғамның әлеуметтік және рухани-мәдени құндылықтары

Қазақстанда тиімді әлеуметтік саясатты дамытуға, өндірісте инновациялық технологияларды енгізуге және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың, билік, бизнес және қоғам арасындағы өзара іс-қимылда әлеуметтік әріптестік пен әділеттілікті дамытудың, азаматтар мен жалпы қоғамның әл-ауқатын арттырудың маңызы зор.

Нарықтық экономика, меншік нысандарының алуан түрлілігі, әлеуметтік әділеттілік, этносаралық тұрақтылық және құқықтық мәдениет – заманауи демократиялық мемлекеттің іргелі негіздері. Азаматтық бейбітшілік пен келісім қағидаттары қоғамдық санадағы демократиялық құндылықтардың нығаюына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясында құқықтық мемлекетті дамытудың маңыздылығы ерекше атап көрсетілген. Заң мен Тәртіпті сақтаудың негізгі факторлары – қоғамның құқықтық мәдениетін дамыту, мемлекет, азаматтық қоғам және жеке тұлға арасындағы берік байланыстарды қалыптастыру.

Әлеуметтік сенім, ашықтық, қоғамның ұтқырлығы мен серпінділігі – азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге, әлеуметтік саланың тұрақты дамуына және оның қазіргі заманғы сын-қатерлерге сай болуына бағытталған әлеуметтік қорғаудың жаңа моделін қалыптастыруға ықпал ететін маңызды қағидаттар.

Еліміздің Конституциясында азаматтардың табиғатты сақтауға және табиғи байлықтарға ұқыпты қарауға міндетті екендігі атап көрсетілген. Сондай-ақ мемлекет адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғауды өзінің басты мақсаттарының бірі ретінде айқындайды. Конституция әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттырудың өзектілігін де айқындайды. Әлеуметтік кепілдіктердің жоғары деңгейі халықты жұмыспен қамтуды дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға, денсаулық сақтауды қамтамасыз етуге, ана мен баланы қорғауға, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесін жаңғыртуға негізделеді.

Біртұтас Қазақстан халқы мен азаматтарының бойына елінің ертеңіне бейжай қарамайтын, жауапкершілігі жоғары, бірлігі бекем, рухы мен мәдениеті биік тұратын жасампаз патриотизм сезімін сіңірудің маңызы зор.

¹⁵ Maqsut Narikbayev University. International Cooperation. [Электронный ресурс]. – URL: <https://mnu.kz/en/international-cooperation/> (қаралым: 14.07.2026).

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы елдің ішкі саясаты дамуының сапалық тұрғыдан жаңа кезеңін айқындайды. Қазіргі кезең конституциялық өзгерістерді нормативтік тұрғыдан бекітуден, оларды практикалық іске асыруға көшуімен сипатталады. Осы үдерістің басты оқиғасы 2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауы болып табылады. Өйткені Құрылтайдың негізгі мақсаты – баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құру ісіне белсенді атсалысу болса, қоғамда Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік, Тазалық, Қоршаған ортаны қорғау секілді мызғымас құндылықтарды қоғам өмірінде орнықтыру оның заңнамалық миссиясына жатады. Сондықтан бұл сайлау өкілді биліктің жаңа жүйесін іске қосып, мемлекеттік басқарудың жаңартылған моделіне көшуді аяқтауды қамтамасыз етуге тиіс.

Алдағы жылдары ішкі саясаттың тиімділігі тек конституциялық нормалардың мазмұнымен ғана емес, сонымен қатар, мемлекеттік институттардың оларды дәйекті түрде іске асыру қабілетімен де айқындалатын болады. Сайлауды ұйымдастыру сапасына, жаңа Құрылтайдың заң шығару қызметінің тиімділігіне, қоғамдық сенім деңгейіне және мемлекеттік органдардың жаңа жағдайларға бейімделу қабілетіне бүкіл конституциялық реформаның табысты жүзеге асырылуы тәуелді болады.

Қазақстан Республикасының ішкі саясатының қазіргі даму кезеңі мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, саяси өкілдік тетіктерін жетілдіруге және конституциялық заңдылықты нығайтуға бағдарланған жария билікті ұйымдастырудың жаңа моделіне көшумен сипатталады. Құрылтай депутаттарының алғашқы сайлауын өткізу өтпелі кезеңнің аяқталуын ғана емес, сонымен қатар, жаңа Конституцияны практикалық тұрғыдан іске асырудың маңызды кезеңін білдіреді. Бұл елдің институционалдық және саяси дамуының алдағы бағыттарын айқындайтын маңызды қадам болмақ.

Мемлекеттік институттарды нығайту және адами капиталды дамыту Қазақстан Республикасының халықаралық беделінің артуына ықпал етеді. Қазақстанның қалыптасып келе жатқан орта держава ретіндегі мәртебесі елдің сенімді серіктес, бейтарап келіссөз алаңы және өңірлік әрі жаһандық мәселелерді шешуге жауапты қатысушы ретіндегі рөлінің артып келе жатқанын көрсетеді.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің ішкі реформалары мен сыртқы саяси бағытының өзара байланысын қамтамасыз ететін берік негіз болып табылады. Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға, ұлттық бірегейлікті дамытуға, тарихи жадты сақтауға және ХХІ ғасырда Қазақстан Республикасының орнықты дамуы мен өркендеуін қамтамасыз ете алатын азаматтар буынын қалыптастыруға бағытталған жаңғырту үдерістеріне жас ұрпақтың белсенді қатысуы ерекше маңызды.

ҰСЫНЫЛАТЫН ДЕРЕККӨЗДЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 2026 жылғы 15 наурызда өткен республикалық референдумда қабылданды [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2600000000>
2. Қасым-Жомарт Тоқаев. Қазақстан Республикасы Президентінің таңдамалы еңбектері. – Алматы: Қазақ-Неміс университетінің Қазақстан халықаралық және өңірлік ынтымақтастық ғылыми-зерттеу институты (ҚХӨЫҒЗИ), 2021. – 756 б.
3. Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мақсат – экономиканы және егемендікті нығайту». 2025 жылғы 3 қаңтар. Мемлекет басшысының «Ana tili» газетіне берген сұхбаты [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-na-rasshirennom-zasedanii-pravitelstva-2801458>
4. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы. 2021 жылғы 5 қаңтар [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/mfaberlin/press/news/details/143121?lang=ru&bclid=lwAR2y_KP35epFkk1BsjeFJKSBixt4DLH0uAQoXz_1tuu_Wbjim2e8e7DtcuU
5. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанның жаңа Конституциясының күшіне енуіне орай Үндеуі. 2026 жылғы 1 шілде [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.akorda.kz/ru/obrashchenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-po-sluchayu-vstupleniya-v-silu-novoy-konstitucii-kazahstana-305408>
6. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауы. 2019 жылғы 2 қыркүйек [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana
7. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g
8. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы. 2021 жылғы 1 қыркүйек [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048>
9. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауы. 2022 жылғы 16 наурыз [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1623953>
10. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауы. 2022 жылғы 1 қыркүйек [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130>
11. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауы. 2023 жылғы 1 қыркүйек [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva->

kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-ekonomicheskij-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588

12. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауы. 2024 жылғы 2 қыркүйек [Электрондық ресурc]. – URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-spravedlivyy-kazahstan-zakon-i-poryadok-ekonomicheskij-rost-obshchestvennyy-optimizm-285014>

13. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті міндеттер және оларды цифрлық трансформация арқылы шешу жолдары» атты Жолдауы. 2025 жылғы 8 қыркүйек [Электрондық ресурc]. – URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-kazahstan-v-epohu-iskusstvennogo-intellekta-aktualnye-zadachi-i-ih-resheniya-cherez-cifrovuyu-transformaciyu-885145>

14. Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 5 қарашадағы № 1081 «Қазақстан Республикасының ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлығы [Электрондық ресурc]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2500001081> (қаралған күні: 14.07.2026).

15. Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі № 1338 «Қазақстан Республикасы Құрылтайына сайлауды тағайындау туралы» Жарлығы [Электрондық ресурc]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2600001338/history>

16. «Соңғы үш жылдағы Қазақстандағы саяси өзгерістер» аналитикалық шолу / Аналитический обзор «Политические преобразования в Казахстане за последние три года». – Астана, 2024 [Электрондық ресурc]. – URL: <https://history-state.kz/wp-content/uploads/2025/09/aza-standa-y-sajasi-zgerister.pdf>; <https://history-state.kz/wp-content/uploads/2025/09/politicheskie-preobrazovanija-v-kazahstane-1.pdf>

17. Казахстанская модель демократизации общества. Коллективная монография. Под общей редакцией Г. М. Карасаева. – Астана, 2025. – 340 с. // [Электронный ресурc]. – URL: <https://history-state.kz/wp-content/uploads/2026/01/kazmodel-monografija-polnaja.pdf> Kazakhstan's New Constitutional Model: Towards a Resilient and Modern State. Analytical report edited by Zhandos Shaimardanov - Astana: The Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan, 2026. - 52 p. // [Электронный ресурc]. – URL: <https://kisi.kz/wp-content/uploads/2026/03/kazakhstan-s-new-constitutional-model-towards-a-resilient-and-modern-state.pdf>

18. Средние державы как фактор мировой геополитики. Научное издание. Сейлеханов Е.Т. – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2025. – 60 с. // [Электронный ресурc]. – URL: <https://kisi.kz/wp-content/uploads/2025/12/srednie-derzhavy-sejlehanovet.pdf>

19. Средние державы как фактор мировой геополитики. Научное издание. Сейлеханов Е. Т. – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2025. – 60 с. // [Электронный ресурc]. – URL: <https://kisi.kz/wp-content/uploads/2025/12/srednie-derzhavy-sejlehanovet.pdf>

20. Middle powers as a factor in global geopolitics. Scientific publication. Ye. T. Seilekhanov – Astana: Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan, 2025. – 56 pages. // [Электронный ресурc]. – URL: <https://kisi.kz/wp-content/uploads/2025/12/sejlehanov-na-anglijskom.pdf>